

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы арасындағы "ТАСИС іс-қимылдарының 2004 жылға арналған өңірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 наурыздағы N 201 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы арасындағы "ТАСИС іс-қимылдарының 2004 жылға арналған өңірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімнің жобасы оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіру туралы мәлімдемесімен бірге мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Болат Әбілқасымұлы Палымбетовке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы арасындағы "ТАСИС іс-қимылдарының 2004 жылға арналған өңірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіру туралы мәлімдемесімен бірге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күніне бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы арасындағы "ТАСИС іс-қимылдарының 2004 жылға арналған өңірлік бағдарламасы" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіру туралы мәлімдемесі

Еуропалық тараптың түсіндірмелерін негізге ала отырып, қазақстандық тарап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы арасындағы "ТАСИС іс-қимылдарының 2004 жылға арналған өңірлік бағдарламасы бойынша" бірнеше елді қамтитын бағдарламалар бойынша қаржылық келісімнің (бұдан әрі - Қаржылық келісім) кейбір нормаларын мынадай тәртіппен түсінетін болады.

1. "ТАСИС іс-қимылдарының 2004 жылға арналған өңірлік бағдарламасының" атауындағы "2004" деп тараптармен келісілген жобаларды болашақта іске асыру үшін

іс-әрекеттер және сыбайлас жемқорлық туындаған жағдайда оларды болдырмау мәселелері бойынша ынтымақтастық жасайды дегенді білдіреді.

10. Қаржылық келісімнің I қосымшасының 16, 17, 18 және 19-баптарының ережелері Қаржылық келісімге өзгерістер енгізілгенге, оның қолданылуы тоқтатыла тұрғанға немесе тоқтатылғанға дейін Тараптар бірімен бірі тиісті консультациялар жүргізеді дегенді білдіреді. Қаржылық келісімге түзетулер енгізуді Тараптар өзара келісім бойынша жүзеге асырады. Тараптың Қаржылық келісімді тоқтату туралы шешімі екінші Тарапқа хабарланғаннан кейін екі ай өткен соң күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

жоба

БІРНЕШЕ ЕЛДЕРДІ ҚАМТИТЫН БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМ АРНАЙЫ ШАРТТАР

Бұдан әрі " **Комиссия** " деп аталатын Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы ұсынған, бұдан әрі "Қоғамдастық" деп аталатын Еуропалық Қоғамдастық бір тараптан ж ә н е

бұдан әрі " **Бенефициар** " деп аталатын **Қазақстан Республикасының Үкіметі** е к і н ш і т а р а п т а н

ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫ:

1-БАП - ОПЕРАЦИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

1.1. Қоғамдастық II қосымшадағы Техникалық және әкімшілік ережелерде жазылған бұдан әрі Бағдарлама деп аталатын **ТАСИС іс-қимылдарының 2004 жылға арналған өңірлік бағдарламасын** қаржыландыруға өз үлесін қосады.

1.2. Бұл бағдарлама қаржылық келісімге және оның қосымшаларына: Жалпы шарттар (I қосымша) мен Техникалық және әкімшілік ережелер (II қосымша) сәйкес орындалады.

2-БАП - ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҮЛЕСІ

2.1. Бағдарламаның жалпы құны 45 миллион еуроға ¹ бағалануда.

2.2. Қоғамдастық ең көп дегенде 45 миллион еуро бөлуді міндеттенеді.

Бюджеттік баптар бойынша Қоғамдастықтың қаржылық үлесін бөлу II қосымшаның Техникалық және әкімшілік ережелеріне қосылған бюджетте көрсетілген.

3-БАП - БЕНЕФИЦИАРДЫҢ ҮЛЕСІ

3.1. Бенефициар бағдарламаға қаржылық үлес қоспайды.

¹ Индикативті түрде Қазақстанға бұл сомадан 4,627 млн. еуро бөлінеді.

3.2 Бенефициардың үлесі қаржылық болып табылмайтын жерде Техникалық және әкімшілік ережелерде, қаржылық келісімге II қосымшада егжей-тегжейлі уағдаластықтар жасалады.

4-БАП - ОРЫНДАЛУ КЕЗЕҢІ

Қаржылық келісімнің орындалу кезеңі Қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталады және 31.12.2011 ж. аяқталады. Аталған орындалу кезеңі екі кезеңнен: Қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталатын және 31.12.2009 ж. аяқталатын операциялық іске асыру кезеңінен тұрады. Және осы күннен бастап орындалу кезеңінің соңында аяқталатын аяқталу кезеңі басталады.

Жобалардың қоса беріліп отырған тізімінде көрсетілген әрбір жоба бойынша Қаржылық келісімге тиісінше әрбір жоба қамтитын әріптес елдерден ең аз дегенде екеуі қол қойған жағдайда келісім-шартқа қол қоюға болады. Елдер Қаржылық келісімге екінші қол қойғанда ғана олар жобадан түсетін пайданы ала алады.

5-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРҒА СОҢҒЫ ҚОЛ ҚОЮ КҮНІ

Қаржылық келісімді іске асыруға арналған келісім-шарттар ең кеш дегенде 19.07.2007 жылы қол қойылады. Бұл соңғы мерзім ұзартылмайды.

6-БАП - МЕКЕН ЖАЙЛАР

Қаржылық келісімді іске асыруға қатысты барлық хабарлар жазбаша түрде, бағдарламаға арналған нақты сілтемесі болуы және мына мекен жайлар бойынша жіберілуі тиіс:

a) Комиссия үшін
W E B E R

Mr. Richard
Director
EuropeAid Co-operation Office
Commission of the European Communities
Rue de la Loi 200
B-1049 Brussels, Belgium
Fax:+32 2 295 74 82

b) Бенефициар үшін

Болат Палымбетов мырза
Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Қазақстан Республикасы
010000, Астана
Жеңіс даңғылы - 11, 1003-каб.
Факс: +7(3172) 71 77 86

7-БАП - ҚОСЫМШАЛАР

7.1. Мына құжаттар аталған келісімге қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

I қосымша: Жалпы шарттар

II қосымша: Техникалық және әкімшілік ережелер.

7.2. Қаржылық келісімнің Қосымшалары мен Арнайы шарттарының ережелері арасында қайшылық болған жағдайда Арнайы шарттардың ережелері басымдыққа ие болады. I қосымша мен II қосымшаның ережелері арасында қайшылық болған жағдайда I қосымшаның ережелері басымдыққа ие болады.

8-БАП - БАҒДАРЛАМАҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСҚА ДА АРНАЙЫ ШАРТТАР

8.1. Жалпы шарттар мынадай ережелермен толықтырылды:

8.1.1. Жалпы шарттардың 3.1-бабына қатысты, іске асыру бенефициардың мүддесіне жүзеге асырылады деп ұйғарылып отыр.

8.1.2. Жалпы шарттардың 8.2-бабына қатысты, осы бағдарлама бойынша гранттардың бенефициарлары жоқ деп ұйғарылып отыр.

8.2. Қаржылық келісімге тиісінше әрбір жоба қамтитын әріптес елдерден ең аз дегенде екеуі қол қойған жағдайда келісім-шарт жасалуы мүмкін. Елдер Қаржылық келісімге екінші қол қойғаннан кейін ғана олар жобадан түсетін пайданы ала алады.

9-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КҮШНЕ ЕНУІ

Осы Қаржылық келісім оған қол қойған екі тараптың соңғысының қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Қаржылық келісім екі түпнұсқада жасалды.

КОМИССИЯ ҮШІН

БЕНЕФИЦИАР ҮШІН

Ринард Вебер мырза

Болат Палымбетов мырза

Директор

Қазақстан Республикасының

EuropeAid жәрдемдесу офісі

Экономика және бюджеттік жоспарлау

Еуропалық Комиссия

вице-министрі

Б р ю с с е л ь

А с т а н а

Күні: 03/10/2005

Күні

I ҚОСЫМША - ЖАЛПЫ ШАРТТАР

I ТАРАУ - ЖОБАНЫ/БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

1-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қоғамдастықтардың қаржылық үлесі қаржылық келісімде айқындалған сан шегінде болуы тиіс.

1.2 Қоғамдастықтардың қаржылық үлесін беру Бенефициар қаржылық келісім бойынша қабылданған міндеттемелерді орындаған жағдайда жүргізілуге тиіс.

2-БАП - АРТЫҚ ШЫҒЫН ЖӘНЕ ОНЫ ЖАБУ

2.1 Қаржылық келісім бюджетінің жекелеген баптары бойынша артық шығын аталған Жалпы шарттардың 17-бабына сәйкес жалпы бюджет ішінде қаражатты қайта бөлу арқылы жабылуы тиіс.

2.2 Қаржылық келісім бойынша айқындалған қаражаттың жалпы санының артық

шығын тәуекелі кезінде Комиссия жобаны/бағдарламаны қысқартуы не Бенефициардың меншік ресурстарын немесе Қоғамдастықтардың ресурстарынан өзгеше басқа да ресурстарды тартуы мүмкін.

2.3 Жобаны/бағдарламаны қысқарту мүмкін болмаған кезде немесе егер қаражаттың артық шығынын Бенефициардың ресурстарымен немесе басқа да ресурстармен жабу мүмкін болмаса, Комиссия айрықша жағдайда қосымша қаржы субсидияларын ұсынуы мүмкін. Мұндай келісім болған кезде шығыстардың артық қалуы Комиссия айқындаған мөлшерде қосымша қаржы үлес есебінен Қоғамдастықтардың тиісті ережелері мен рәсімдеріне залал келтірмей қайта қаржыландырылуы мүмкін.

II ТАРАУ - ІСКЕ АСЫРУ

3-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Жобаны/бағдарламаны Бенефициар үшін және оның атынан әрекет ететін Еуропалық Комиссия іске асырады.

3.2 Делегация басшысы Бенефициардың мемлекетінде Еуропалық Комиссияны білдіреді.

4-БАП - ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ

4.1 Қаржылық келісімде қаржылық келісімнің күшіне енген күнінен басталатын және Арнайы шарттардың 4-бабында көрсетілген күнге сәйкес аяқталатын орындалу мерзімі көрсетілуі тиіс.

4.2 Аталған орындалу мерзімі екі кезеңнен тұрады:

- барлық негізгі іс-шаралар жүргізілетін шеңберде практикалық іске асыру кезеңі. Аталған кезең қаржылық келісім күшіне енген күнінен басталады және орындалу мерзімінің соңына дейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады;

- түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізілетін, сондай-ақ техникалық және қаржылық жағынан қаржылық келісім бойынша барлық келісім-шарттар жабылатын қорытынды кезең. Аталған кезең практикалық іске асыру кезеңі аяқталған күнінен басталады және осы күннен кейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады.

4.3 Негізгі іс-шаралар бойынша шығыстарды олар практикалық іске асыру кезеңі ішінде туындаған жағдайда ғана Комиссия қайта қаржыландыруы мүмкін. Түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізу жөніндегі шығыстар қорытынды кезеңнің аяғына дейін заңды болып табылады.

4.4 Қоғамдастық қосқан үлестен кейін қалған кез келген теңгерім орындалу мерзімі аяқталғаннан кейін алты айдан соң автоматты түрде күшін жояды.

4.5 Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда практикалық іске асыру кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін ұзартуға сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау практикалық іске асыру кезеңінің соңына дейін кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

4.6 Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда және практикалық іске асыру кезеңі аяқталғаннан кейін, қорытынды кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін

ұзартуға сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау қорытынды кезеңнің соңына кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

ІІІ ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАР МЕН ГРАНТТАР БЕРУ

5-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қаржылық келісімді іске асыратын барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдердің басынан бастап әрекет ететін сыртқы іс-шараларды іске асыру үшін Комиссия айқындаған және жариялаған рәсімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес жасалуы және орындалуы тиіс.

6-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРАТЫН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРҒА СОҢҒЫ ҚОЛ ҚОЮ МЕРЗІМІ

6.1 Қаржылық келісімді іске асыратын келісім-шарттарға Комиссия бюджеттік міндеттемені қабылдағаннан кейін үш жыл ішінде, атап айтқанда Арнайы шарттардың 5-бабында көрсетілген күнге дейін екі тарап қол қоюға тиіс.

Аталған түпкілікті мерзім ұзартылмайды.

6.2 Жоғарыда көрсетілген ереже кейіннен қол қойылуы мүмкін аудит және бағалау іс-шараларын жүргізу жөніндегі келісім-шарттарға қолданылмайды.

6.3 Арнайы шарттардың 5-бабында көрсетілген мерзімде қаражаттың кез келген қалдығына қол қойылмаған келісім-шарт күшін жояды.

6.4 Келісім-шарт, оған қол қойғаннан кейін үш жыл ішінде төлем жүргізілмесе қаражатты алып қоюмен оның қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

7-БАП - ЗАҢДЫЛЫҒЫ

7.1 Жұмыстарға, қызметтерге немесе жеткізулерге арналған келісім-шарттарды беру жөніндегі тендерге шақыруларға қатысу Қоғамдастықтарға мүше мемлекеттердің барлық жеке және заңды тұлғалары үшін және алушы үшінші елдердің барлық жеке және заңды тұлғалары немесе аталған актілерде нақты көрсетілген кез келген басқа үшінші ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне сәйкес тең жағдайларда ашық болуы тиіс.

7.2 Өтінім беру конкурсына қатысу Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің барлық заңды тұлғалары үшін және алушы үшінші елдердің барлық заңды тұлғалары немесе аталған актілерде нақты көрсетілген басқа үшінші ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне сәйкес тең ашық болуы тиіс.

7.3. Комиссия мақұлдаған ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда, ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше шарттары негізінде 1 және 2-параграфтарда көрсетілгеннен басқа үшінші елдердің өкілдеріне келісім-шарттарды беру тендерлеріне қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдануы мүмкін.

7.4 Қоғамдастықтар қаржыландыратын және жұмыстарға, жеткізулер мен қызметтерге арналған келісім-шарттарды орындау үшін қажетті тауарлар мен

қызметтер, сондай-ақ қаржыландырылатын іс-шараларды орындау үшін гранттарды алушылар ұйымдастырған сатып алу рәсімдер алдағы үш параграфтарда жазылған шарттарда қатысуға құқығы бар елдерде өндірілуі тиіс.

7.5 Аталған ұлттық тиесілік ережесі сондай-ақ Қоғамдастықтар қаржыландыратын тендерлік рәсімдерге немесе қызметтерге арналған келісім-шарттарға қатысушы қызметтерді жеткізушілер ұсынған сарапшыларға қолданылуы тиіс.

IV ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫ ОРЫНДАУҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕРЕЖЕ

8-БАП - ТҰРУҒА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚ

8.1 Келісім-шарт сипатының негіздемесі кезінде жұмыстарға, жеткізулерге және қызметтерге арналған келісім-шарттарды беруге арналған тендерлік рәсімдерге шақыруға қатысатын жеке және заңды тұлғалар Бенефициар елде тұру құқығына ие болуы тиіс. Аталған құқық келісім-шартты бергеннен кейін бір ай бойы жарамды бо л у ы т и і с .

8.2 Келісім-шартты орындау үшін қызметтері қажетті мердігерлер (грант алушыларды қоса алғанда) мен жеке тұлғалардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің жобаны/бағдарламаны іске асыру кезінде осындай құқықтары болуы тиіс.

9-БАП - САЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Арнайы шарттарда арнайы жазылған жағдайларды қоспағанда Қоғамдастықтардың қаржылай көмегі салық, кедендік немесе басқа да баждардан (қосылған құн салығынан, немесе басқа да осыған ұқсас салықтарды қоса алғанда) б о с а т ы л у ы т и і с .

9.2 Бенефициар ел Қоғамдастық қаржыландыратын сатып алатын келісім-шарттарға немесе гранттарға қатысты елде әрекет ететін мемлекеттік немесе халықаралық донорлық ұйымдарға қолданатын неғұрлым жеңілдікті салық және кедендік рәсімдерді қ о л д а н у ы т и і с .

9.3 Егер Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

10-БАП - ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАНЫ АЙЫРБАСТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

10.1 Бенефициар ел жобаны іске асыру үшін қажетті шетелдік валютаны әкелуді немесе сатып алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Ол, сондай-ақ аталған Жалпы шарттардың 7-бабына сәйкес қатысуға рұқсат алған мердігерлерге қатысты кемсітусіз шетелдік валютаны ресми айырбастау ережесін қолдануға міндеттенеді.

10.2 Егер Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

11-БАП - ЗЕРТТЕУЛЕР БАРЫСЫНДА АЛЫНҒАН ДЕРЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Егер қаржылық келісім зерттеулер жүргізуді қамтыса, қаржылық келісімді іске асыру үшін қол қойылған аталған зерттеулерді жүргізу жөніндегі жасалған келісім-шарттар зерттеуге арналған меншік құқығын және алынған деректерді

пайдаланудағы, оларды жариялау немесе үшінші тарапқа берудегі Бенефициар мен Комиссияның құқығын басқару тиіс.

12-БАП - КЕЛІСІМ-ШАРТТАР БОЙЫНША ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫ БӨЛУ

12.1 Дұрыс жүргізілмеген төлемдерден қалпына келтірілген немесе алдын ала қаржыландыруға арналған кепілдіктерден немесе осы қаржылық келісім бойынша қаржыландырылатын келісім-шарттар негізінде ұсынылған орындау кепілдіктерінен алынған қаражат жобаға/бағдарламаға берілуі тиіс.

12.2 Келісім-шартты бекітетін сатып алу келісім-шартының контекстінде тендер қатысушыларына тарап салған алынып тасталуы мүмкін қаржы айыппұлдары, тендерлік кепілдіктер сауалы, сондай-ақ Комиссияға келтірілген залалды өтеу Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне жүргізілуі тиіс.

V ТАРАУ - НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13-БАП - КӨРІНСІ

13.1 Қоғамдастық қаржыландыратын әрбір жоба/бағдарлама тиісті коммуникациялық және ақпараттық іс-шараларды басшылыққа алуы тиіс. Осы іс-шаралар Комиссияның келісімі болған кезде айқындалуы қажет.

13.2 Аталған коммуникациялық және ақпараттық іс-шаралар бұл іс-шараларды іске асыру кезінде әрекет ететін сыртқы іс-шаралардың көрінісін қамтамасыз ету үшін Комиссия баяндаған және жариялаған ережеге сәйкес өткізілуі тиіс.

14-БАП - БҰЗУШЫЛЫҚТЫ, АЛАЯҚТЫҚТЫ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ

14.1 Бенефициар бұзушылықтарды және алаяқтықты болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау және Комиссияның сұрауы бойынша мақсатсыз жұмсалған қаражатты қайтару үшін талап арыз беруі тиіс. Бенефициар қабылданған шаралар туралы Комиссияға хабарлауы тиіс.

14.2 "Бұзушылық" дегеніміз Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне немесе Қоғамдастықтар басқаратын қаражатқа Еуропалық Қоғамдастықтардың атынан жинақталған меншік қаражаты немесе ақталмаған шығыстар есебінен алынған табысты азайту немесе жоғалту түрінде зиян келтіріп отырған немесе келтіретін экономикалық субъектінің әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрінетін қаржылық келісімдер, келісім-шарттар немесе Қоғамдастықтардың заңдары ережелерінен кез келген а у ы т қ у д ы б і л д і р е д і .

"Алаяқтық" дегеніміз:

- Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетінің немесе Қоғамдастықтар немесе оның атынан басқаратын бюджет қаражатын заңсыз немесе мақсатсыз ұстап қалуға әкелуі мүмкін жалған, дұрыс емес немесе толық емес құжаттаманы немесе мәліметтерді пайдалануға немесе ұсынуға;

- ерекшелік міндеттемелерге, осындай салдарымен зиян келтіретін ақпаратты

ж а с ы р у ғ а ;

- осындай қаражатты олардың бастапқы мақсатынан басқа мақсатта заңсыз пайдалануға қатысты кез келген әдейі әрекетті немесе әрекетсіздікті білдіреді.

Бенефициар бұзушылық немесе алаяқтық дейтіндей күдік тудыратын кез келген жағдайлар туралы Комиссияны дереу хабардар етуге тиіс.

14.3 Бенефициар келісім-шарттарды немесе гранттарды беру немесе оларды іске асырудағы рәсімнің кез келген сатысында белсенді немесе пассивті сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін жою үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға міндеттенеді. "Пассивті сыбайлас жемқорлық" дегеніміз ресми тұлғаның тікелей немесе делдал арқылы жеке өзі үшін немесе үшінші тарап үшін кез келген түрде сыйақы сұраған немесе алған немесе ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасаған кезде немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін кемсітуге әсері бар немесе әсер ететін ресми міндеттерін бұзудағы өз қызмет бабын пайдаланған кезде осындай сыйақы берілетініне уәде алған әдейі әрекетін білдіреді. "Белсенді сыбайлас жемқорлық" дегеніміз кімде-кімнің ресми тұлғаға жеке ол үшін немесе үшінші тарап үшін, ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасау үшін немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін кемсітетін немесе кемсітуі мүмкін ресми міндеттерін бұзудағы өз қызмет бабын пайдалану үшін тікелей немесе делдал арқылы сыйақының кез келген түрін беруге уәделенуде немесе ұсынудағы әдейі әрекетін білдіреді.

15-БАП - КОМИССИЯ, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚ ОФИС (СЖҚКЕО) ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ЕСЕП ПАЛАТАСЫ ТАРАПЫНАН ЖҮРГІЗІЛЕТІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ

15.1 Бенефициар Комиссия, СЖҚКЕО және Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы қаржылық келісім бойынша (келісім-шарттар мен гранттарды беру жөніндегі рәсімді қоса алғанда) бөлінген Қоғамдастықтардың қаражатын пайдалану жөнінде жергілікті жерлерде құжаттамалық тексерістер, сондай-ақ қажет болған жағдайда шоттарға қосымша құжаттар мен бухгалтерлік құжаттар немесе жобаны/бағдарламаны қаржыландыруға қатысты басқа да кез келген құжаттар негізінде келісімнің бар мерзімі және соңғы төлемнің күнінен кейін жеті жыл ішінде толық аудит жүргізу мүмкіндігімен келіседі.

15.2 Бенефициар, сондай-ақ СЖҚКЕО-ның жергілікті жерлерде Қоғамдастықтардың заңнамасында жазылған рәсімдерге сәйкес алаяқтық пен бұзушылықтарға қатысты Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүддесін қорғау үшін, тексерістер мен бақылау жүргізуі мүмкін екендігімен келіседі.

15.3 Осы мақсатта Бенефициар Комиссияның, СЖҚКЕО-ның және Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының ресми өкілдеріне және олардың уәкілетті агенттеріне компьютерлік жүйелерді, сондай-ақ осы іс-шараларды техникалық және

қаржылық басқаруға қатысты кез келген құжаттамалық және компьютерлендірілген деректерді қоса алғанда, қаржылық келісім бойынша қаржыландырылған іс-шаралар өткізілген орындар мен үй-жайларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге және осы жұмыстарды жеделдету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға міндеттенеді. Еуропалық Комиссияның, СЖҚКЕО мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының уәкілетті агенттері үшін қол жеткізу үшінші тарапқа қатысты қатаң құпиялылықты сақтай отырып, мемлекеттік құқықтық міндеттемелерге зиян тигізбей берілу тиіс. Құжаттар қол жетімді және оларды қолайлы инспекциялауды қамтамасыз ететін тәртіпте тігілуі қажет және Бенефициар Комиссияға, СЖҚКЕО мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасына олардың нақты орналасқан жері туралы х а б а р л а у ы т и і с .

15.4 Жоғарыда сипатталған тексерістер мен аудит Қоғамдастықтардың қаржыландыруын алатын мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге қатысты да қ о л д а н ы л у ы т и і с .

15.5 Бенефициар жергілікті жерлерде тексерістер жүргізу үшін тағайындалған Комиссия, СЖҚКЕО мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы агенттерінің келетіні туралы хабардар етілуі тиіс.

16-БАП - КОМИССИЯ МЕН БЕНЕФИЦИАР АРАСЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

16.1 Бенефициар мен Комиссия қаржылық келісімнің баптарын іске асыру немесе түсіндіру туралы даулы мәселелер туындағанға дейін бірі-біріне консультация беру қ а ж е т .

16.2 Бұл консультациялар қаржылық келісімнің өзгеруіне, тоқтата тұруға немесе тоқтатылуына алып келуі мүмкін.

17-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУ

17.1 "Арнайы шарттарға" және қаржылық келісімнің II қосымшасына енгізілетін кез келген түзетулер жазбаша түрде енгізілуі және қосымшада жазылуы тиіс.

17.2 Егер түзетуге сұрауды Бенефициар жасаса, онда ол Комиссияға Алушының уақтылы негіздемелері болған және Комиссия мақұлдаған жағдайларды қоспағанда, осы түзетудің болжам бойынша күшіне енуіне дейін кем дегенде үш ай бұрын сұрау с а л у т и і с .

17.3 Іске асырудың практикалық кезеңі немесе қорытынды кезеңін ұзартудың ерекше жағдайлары осы "Жалпы шарттардың" 4 (5) және (6)-баптарында баяндалған.

18-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТОҚТАТА ТҰРУ

18.1 Қаржылық келісім мынадай жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін:

(а) егер Бенефициар осы келісім бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Комиссия Қаржылық келісімнің іске асырылуын тоқтата тұруы мүмкін.

(б) егер Бенефициар адам құқығына, демократиялық қағидаттарға қатысты міндеттемелер мен заң нормаларын бұзған жағдайда, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа

жол берілген жағдайларда, Комиссия Қаржылық келісімнің қолданысын тоқтата тұруы мүмкін.

(в) Қаржылық келісім төменде көзделген форс-мажор жағдайында тоқтатыла тұруы мүмкін. "Форс-мажор" дегеніміз тараптардың біреуіне өз міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын, және ол тараптардың (немесе мердігерлердің, агенттер мен жұмыскерлердің) қателігіне немесе ұқыпсыздықпен қарағанына байланысты емес кез келген күтпеген және айрықша ахуалды немесе оқиғаны білдіреді, және де ол барлық салған күштерге қарамастан, еңсерілмейтін болып табылады. Жабдықтар мен материалдардағы ақаулары немесе оларды орнатуды кешіктіру, еңбек ұжымындағы даулар, ереуілдер немесе қаржылық қиындықтар форс-мажор ретінде пайдаланылмайды. Егер тарапқа міндеттемелерін орындауға форс-мажорлық жағдай кедергі болса, оларды бұзғаны жөнінде талаптар қойылмайды. Форс-мажорға ұшыраған тарап ол туралы ықтимал ұзақтығы мен болжамды тигізетін әсерін сипаттай отырып, екінші тарапқа дереу хабарлау, сондай-ақ ықтимал залалды азайту үшін барлық шараларды қабылдауы қажет.

18.2 Тоқтата тұру шешімі туралы алдын ала хабарлама берілмейді.

18.3 Тоқтата тұру туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

19-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТОҚТАТУ

19.1 Егер қаржылық келісімді тоқтата тұруға әкелген мәселелер ең жоғары кезең, төрт ай ішінде шешілмесе, қаржылық келісімді тоқтату туралы екінші тарапқа екі ай бұрын хабарлап, кез-келген тарап оны тоқтатуы мүмкін.

19.2 Егер қаржылық келісімге қол қойылғаннан кейін үш жыл ішінде қандай да бір төлемдер жүргізілмесе немесе "Арнайы шарттардың" 5-бабында көрсетілген күнге оны іске асыру жөнінде келісім-шарттарға қол қойылмаса, қаржылық келісімнің қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

19.3 Тоқтату туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

20-БАП - ПІКІРСАЙЫСТАРДЫ ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

20.1 Осы Жалпы шарттардың 16-бабында баяндалған тараптар арасындағы консультациялардың алты ай ішінде шешілуі мүмкін емес қаржылық келісімге қатысты кез-келген пікірсайыс бір тараптың сұрауы бойынша арбитражда қаралуы мүмкін.

20.2 Бұл жағдайда, әрбір тарап арбитражды жүргізуге арналған сұраудан кейін 30 күннің ішінде арбитрді тағайындауы тиісті. Қажет болған жағдайда, тараптардың біреуі екінші арбитрді тағайындау өтінішімен Тұрақты арбитраж сотының (Гаагада) Бас хатшысына өтініш жасауы мүмкін. Өз кезегінде, екі арбитр 30 күннің ішінде үшінші арбитрді тағайындайды. Қажет болған жағдайда, кез-келген тараптың біреуі Тұрақты арбитраж сотының Бас хатшысына үшінші арбитр тағайындауға өтініш жасауы мүмкін.

20.3 Егер арбитрлар басқа шешім қабылдасамаса, онда Тұрақты арбитраж сотының "Халықаралық ұйымдарды тарта отырып арбитражды жүргізудің факультативтік ережелері" бойынша рәсімдер пайдаланылады. Арбитрлардың шешімі үш айдың ішінде көпшілік дауыспен қабылдануы тиіс.

20.4 Тараптардың әрқайсысы арбитрлардың шешімдерін орындау үшін қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

II-ҚОСЫМША - ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР

2004 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТАСИС ІС-ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ Өңірлік бағдарламасы

1. Бағдарламаның қысқаша сипаты

Осы іс-қимылдар бағдарламасы Тасистің өңірлік ынтымақтастық стратегиясы жөніндегі құжатқа және 2003 жылғы 11 сәуірде Комиссия қабылдаған 2004-2006 жылдардың индикативтік бағдарламасына толық сәйкестікте әзірленді. 2004 жылға арналған Тасистің іс-қимылдарының өңірлік бағдарламасы ТМД елдеріндегі мемлекетаралық іс-шараларға қолдау көрсететін болады.

Іс-қимылдар бағдарламасы мынадай үш тақырыптық салаға баса назар аударатын болады.

Табиғи ресурстарды орнықты басқару Тасис мынадай негізгі үш сала: биологиялық алуан түрлілік, су ресурстарын басқару және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа негізгі субъектілермен ынтымақтастық бойынша жәрдем көрсетеді. Бұл Евразия даласының жерлерін тұрақты және кешенді пайдалану жөніндегі қызмет саласын; Кавказ жөніндегі тау конвенциясына қолдау көрсетуді; Каспий теңізінің қоршаған ортасы және оның жағалау белдеуі жөніндегі стратегиялық іс-қимылды; Қара теңіздің экологиялық мәселелері бойынша ынтымақтастықты; Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінде деректер жинауда Еуропа Экологиялық Агенттігіне қолдау көрсетуді; және Еуропа үшін Экология процесіне қолдау көрсетуді қамтиды.

Сауданы және инвестицияларды дамыту Тасис көлік және энергетика секторларына қолдау көрсететін болады. ТРАСЕКА бағдарламасы арқылы төрт бастамаға жәрдем көрсетіледі: авиациялық диспетчерлік қызметтің жұмыс істеп жүрген персоналын оқыту; ТРАСЕКА және ТЕН дәліздері арасындағы теңіз қатынасы; ТРАСЕКА бағдарламасы бойынша Орталық Азиядағы жолдарды қайта жаңарту; сондай-ақ ТРАСЕКАНЫҢ Әзірбайжан арқылы өтетін дәлізіндегі жылдам автомобиль жолы учаскесін қайта жаңарту. ИНОГЕЙТ бойынша энергетика секторында екі жоба орындалатын болады: ИНОГЕЙТ елдерінде мұнай және газ жобаларына инвестицияларды көтермелеу үшін техникалық жәрдем қоры құрылады; сондай-ақ Тасис Тасистің өңірлік хатшылықтарын нығайтады.

Төрелік сот және құқық тәртібі Тасис негізгі екі бастамаға жәрдем көрсететін болады, бірі ТМД елдерінде шекара бақылауын нығайтуға бағытталған, ал екіншісі баспана беру және миграция мәселелеріне қатысты. Бұған қосымша Тасис ТМД-ның

батысында БУМАД арқылы және оңтүстік Кавказда СКАД арқылы есірткіге қарсы күрес жөніндегі өз қызметін жалғастыратын болады; сондай-ақ адам саудасына күреске қолдау көрсетілетін болады.

2. Өңір бойынша соңғы ақпарат

Тасистің өңірлік ынтымақтастық стратегиясы жөніндегі құжатты және 2004-2006 жылдардың индикативтік бағдарламасын 2003 жылғы 21 ақпанда Тасис комитеті мақұлдап, Комиссия 2003 жылғы 11 сәуірде қабылдаған болатын. Бұл құжат Тасистің өңірлік бағдарламасына қатысы бар негізгі оқиғалардың толық сипаты қамтиды. Өңірдегі өзгерістердің негізгі белгісі Грузиядағы режимнің ауысуына алып келген "раушан революциясы" болды.

3. Еуропалық комиссияның алдыңғы жәрдем көрсету бағдарламаларының негізінде жасалған қорытындылар

Табиғи ресурстарды орнықты басқару

Экологиялық жобалар ластануға және биологиялық алуан түрлілікке байланысты жағдайдың мониторингіне ғана емес, сондай-ақ ластануға қарсы күрес және биологиялық алуан түрлілікті қорғау жөніндегі шараларды іске асыруға да баса назар аударылуға тиіс. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін қоғамның жекелеген жіктерін жобаға қатысуға белсенді түрде тартудың маңызы зор, олар мәселен, өнеркәсіптік кәсіпорындар, фермерлер, балықшылар, муниципалдық билік, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін толық дәрежеде сезінбеуі мүмкін.

Бұған қоршаған ортаны қорғау және шығыстарды азайту (сулы ортаға ластаушы заттарды, тыңайтқыш қалдықтарын ағызуды азайту және т.б.) өзара байланысты екенін немесе биологиялық алуан түрлілікті қорғау туризм үшін және коммерциялық маңызы бар балық түрлерін қорғауға қосымша мүмкіндіктер туғызатынын көрнекі түрде көрсете отырып қол жеткізуге болады.

Бенефициар елдер техникалық көмек көрсетілетін мемлекеттік мекемелерді қолдауға деген айқын ниетін көрсетулері, сондай-ақ, өңірлік бағдарламалардың тапсырмаларын орындауға және нәтижелерге қол жеткізуге қатысуға әзірліктерін көрсетуге тиіс.

Жақсы білім базасын жасау және қолдау үшін жергілікті сараптамалық білімнің барынша мүмкін болатын дәрежесін пайдалану, сондай-ақ жоба нәтижелерінің орнықтылығына қол жеткізуге жәрдемдесу.

ТРАСЕКА

ТРАСЕКА-ны бағалау туралы 2003 жылғы шілдедегі есеп бағдарламаның күшті жақтарын анықтап берді және оның ТМД елдерінде жақсы танылғандығын көрсетті. Осы есептің күшті жақтарына сүйене отырып, Комиссия ТРАСЕКА бағдарламасы басталғанынан он жыл өткен соң ТМД елдерінің ағымдағы экономикалық және саяси жағдайларында көлік басымдықтарын талдау үшін одан әрі зерттеу жүргізуді бастады. Бұл зерттеу жөніндегі соңғы есеп Комиссияға 2004 жылдың ортасында ұсынылатын

б о л а д ы .

Бағалау туралы осы есеп, жоғарыда аталған зерттеу нәтижелері және 2004 жылдың ортасында аяқталатын ТЕН-Т-ға қатысты жаңа саясат ЕО-ның ТМД-дағы жаңа көліктік саясатын әзірлеу кезінде ескерілетін болады.

ИНОГЕЙТ

ИНОГЕЙТ бағдарламасын бағалау 2003 ж. қыркүйекте аяқталды. Бұл осы Іс-қимыл бағдарламасында ұсынылған басымдық үшін негіз болды. Бұл жерде негізгі екі мәселе бар: бірінші, бенефициар елдер ИНОГЕЙТ бағдарламасына жеткіліксіз қатысты; екінші, ЕК дербес кішігірім бөлшектеп инвестициялауды жүргізбеуі керек, басқа донорлармен бірлесіп инвестициялауға басым көңіл бөлуге тиіс. Тасис ауқымды қатысу туралы мәселе көтеруге тырысып, және министрлер деңгейінде кездесу ұйымдастырды, ол 29-30 наурызда өтті, мұнда ИНОГЕЙТ-тің келешекке ұсынылған басымдықтары талқыланды. Донорлармен үйлестіруге келсек қызметтің, осында ұсынылған екінші саласы инвестицияларды басқа донорлармен, атап айтқанда, ЕДҚБ-мен бірге дамыту үшін арнайы әзірленді.

Төрелік сот және құқық тәртібі

Еуропаның көрші елдермен қарым-қатынас саясатының астарында ТМД-ның батыс бөлігінде шекаралық бақылаудың тиімді жүйесін құру ЕО-ға қолдау көрсететін басымдықтың бірі болып табылады. Кандидат елдер мен батыс Балкан елдерінің тәжірибесін ескере отырып, шекаралық бақылауға жауап беретін барлық тиісті агенттіктер, яғни шекара қызметі, кеден қызметі және басқа да тиісті мекемелер арасында тығыз үйлестірудің және ақпарат алмасудың қажеттігін атап өту маңызды.

Баспана беру мен миграция жобаларына қатысты, бір жағынан қауіпсіздік аспектілері мен бақылау, екінші жағынан мигранттар ағымын басқару және мигранттар мен босқындардың құқығын қорғау арасындағы теңгерімділікті табудың айқын қажеттілігі бар.

4. Бағдарламаның құрамдауыштары

2004-2006 жылдарғы индикативтік бағдарламаны 2003 жылғы ақпанда Тасис комитеті мақұлдады. Мұның мақсаты бағдарламаның мақсатын, 2004-2006 жылдар кезеңіне арналған ынтымақтастықтың басым салаларында күтілетін нәтижелерді, индикаторлар мен қажетті шарттарды көрсете отырып, ЕК жұмысының бағдарламасын неғұрлым тәптіштеп көрсету болып табылады.

Бұдан басқа, бұл EuropeAid үшін жобаны сәйкестендіруге негіз болады.

2004 жылға арналған өңірлік іс-қимыл бағдарламасы мынадай үш тақырыптық салаға баса назар аударатын болады: табиғи ресурстарды орнықты басқару; сауда мен инвестицияларды дамыту; төрелік сот және құқық тәртібі.

4.1. Табиғи ресурстарды орнықты басқару

Табиғи ресурстарды орнықты басқару саласының жалпы мақсаты экономикалық дамуды жеделдете отырып және тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайта отырып, табиғи

ресурстарды орнықты пайдалануды қамтамасыз етуге және ресурстарды, атап айтқанда , суды, орман және энергетикалық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаны және денсаулық сақтау үшін жағдайларды жақсартуға келіп тіреледі. Бұл мәселелер орнықты даму жөніндегі Дүниежүзілік саммитте (WSSD) белгіленген басымдықтарға сай келеді, онда "экономикалық және әлеуметтік даму үшін негіз болатын табиғи ресурстарды қорғау және басқару" басымдық ретінде белгіленді. Бұл ЕО-ның орнықты даму стратегиясына да сай келеді.

Индикативтік бағдарламада үш негізгі басым сала белгіленген: су ресурстарын басқару; биологиялық алуан түрлілік және орман ресурстарын басқару; климаттың өзгеруі. 2003 жылға арналған Өңірлік іс-қимылдар бағдарламасында су секторына инвестициялар дайындау жөніндегі жоба мақұлданды. Бұл сатыда 2004 жылғы бағдарлама бойынша қаржыландыру үшін нақты инвестициялық жобаларды айқындауға әлі ерте. Сондықтан, осы Іс-қимылдар бағдарламасында су ресурстарын басқару мәселесінде ЕК-нің өңірлік теңіздерді қорғауға қосар үлесін одан әрі дамытуға негізгі акцент жасалады. Бұл басқа ірі донорлармен, атап айтқанда, Дүниежүзілік банкпен, БҰҰДБ-мен және ЮНЕП-пен тығыз ынтымақтаса отырып орындалады. Бұл осы сәттерде Қара және Каспий теңіздерін қорғауға бағытталған күш-жігерді шоғырландыру бойынша алынған тәжірибеге негізделеді. Су секторын инвестициялауды 2005 жылға дейін мерзімін ұзарту туралы шешімді назарға ала отырып, биологиялық алуан түрлілік мәселелеріне қатысты неғұрлым баса көңіл аудару ұсынылды, еуразия далалары бойынша ірі жоба жоспарланды. Осы екі ірі басымдыққа қосымша, ТАСИС Өңірлік экологиялық орталықтарды және Экологиялық іс-қимыл жоспарын қолдауды жалғастыра отырып, экологиялық сектордағы басқа да негізгі мекемелермен тығыз жұмыс істейтін болады. Тұтастай алғанда климаттың өзгеруі мәселесіндегі прогрестің баяулығын ескере отырып, ТАСИС Киото хаттамасының биыл ратификациялануына үміт арта отырып, осы салаға өзінің қатысуын 2005 жылғы бағдарлама басталғанға дейін қалдыра тұруды шешті. Қысқаша айтқанда, Іс-қимылдар бағдарламасы табиғи ресурстарды орнықты басқару саласында ұсынылған алты бастаманы қамтиды, оларды басты үш тақырып: биологиялық алуан түрлілік, су ресурстарын, атап айтқанда, өңірлік теңіздерді басқару; экология саласындағы негізгі мекемелермен ынтымақтасу бойынша топтастыруға болады.

Биологиялық алуан түрлілік

(1) Еуразия далаларының жерлерін орнықты және кешенді пайдалану: биологиялық алуан түрлілікті сақтау жөніндегі елдер мақұлдаған стратегиялық іс-қимылдың жоспарларына және министрлердің Киев кездесуінде (2003 жылғы мамыр) белгіленген биологиялық алуан түрлілік жөніндегі мақсаттарға сәйкес жоба үш трансшекаралық дала өңірінде (Ресей - Шығыс Украина, Ресей - Қазақстан, Батыс Украина - Молдова) биологиялық алуан түрліліктің жоғалуын және жердің тозуын азайтуға бағытталатын болады. Жоба далалар мен ормандарды қалпына келтіру,

атажұртынан еріксіз қоныс аударған ауыл тұрғындары үшін тіршіліктің балама көздерін табу, сондай-ақ көмірсутектерді оқшаулау жөніндегі жүйелерді құру мақсатында әрбір өңірге тән бірқатар қызмет салаларын іске асырады. Ол бойынша, сондай-ақ, техникалық көмек көрсетіледі, ЕДҚБ-ның Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдеріндегі шағын және орта бизнес кәсіпорындары мен шағын жергілікті қоғамдастықтар үшін биоалуан түрлілікті сақтау бойынша кредит беру көздеріне арналған гранттар бөлінетін болады.

Жоба далалық дәліздердің өңірлік желісін құрады және оның орнықтылығын қамтамасыз етеді. Қазірдің өзінде елдерге айтарлықтай қолдау көрсетілуде және тиісті елдер арасында пилоттық дала салалары келісілді.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, жоба қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарт арқылы іске асырылады деп күтілуде. Оған сондай-ақ беруге арналған келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтың құрамдауышы да қамтылуы мүмкін.

(2) Кавказ бойынша тау конвенциясын әзірлеуді қолдау: Жобаның мақсаты Кавказдағы Өңірлік экологиялық орталықты қолдау және таулы Кавказ өңіріндегі табиғатты қорғауды қамтамасыз етуге арналған құқықтық құралды жасауға басқа донорлармен, атап айтқанда, Германия үкіметімен және ЮНЕП-пен тығыз үйлестірілген көмек көрсету болып табылады. Осы жобадан пайда алатын елдерді атап айтатын болсақ, олар - Армения, Әзірбайжан, Грузия және Ресей.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, жоба халықаралық ұйымдармен бірлесіп қатысу туралы келісімдер арқылы іске асырылады деп күтілуде.

Су ресурстарын басқару: Өңірлік теңіздер

(3) Каспий теңізінің қоршаған ортасы мен оның жағалау жолағы жөніндегі стратегиялық іс-қимыл және Каспий теңізі жөніндегі негіздемелік конвенцияны қолдау:

Осы қызмет саласының мәні Каспий теңізінің экологиялық тозуын болдырмау үшін Су ресурстары мен жағалау сызығын кешенді басқаруды қолдануға келіп тіреледі. Жоба таяуда Каспий теңізі жөніндегі негіздемелік конвенцияға қол қою нәтижесінде таяуда белгіленген құқықтық қағидаттарға сүйеніп және Дүниежүзілік Банкпен, БҰҰДБ және ЮНЕП-пен тығыз үйлестірілетін болады.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, жоба қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарт арқылы іске асырылады деп күтілуде. Оған сондай-ақ беруге арналған келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтың құрамдауышы да қамтылуы мүмкін.

(4) Қара теңіздің экологиялық мәселелері жөніндегі ынтымақтастық: Бұл жоба WSSD саммитінде белгіленген басымдықтарға қатысты және Мыңжылдыққа арналған даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталады. Оның шеңберінде Қара теңізге құятын трансшекаралық өзендер сияқты ортақ су ресурстарының ластануын азайту мен сапасын жақсарту және Қара теңіздің теңіз фаунасын қорғау жөнінде жұмыс

жүргізілетін болады. Ол БҰҰДБ орындайтын Жаһандық қоршаған ортаны қорғау қорының (GEF) жұмысын толықтыратын болады. Ол, сондай-ақ, Қара теңіз жөніндегі экологиялық бағдарламаның қолдауына қол жеткізіп, Қара теңіз бойынша жұмыс тобымен өз ынтымақтастығын нығайтатын болады.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, жоба қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарт арқылы іске асырылады деп күтілуде. Ол сондай-ақ беруге арналған келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтың құрамдауышы да қамтылуы мүмкін.

Экология саласындағы негізгі мекемелермен ынтымақтастық

(5) Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінен дерек жинауға Еуропа экологиялық агенттігіне қолдау көрсету: Жұртшылық үшін ақпаратқа қол жетімділік жөніндегі Орхус конвенциясына сәйкес Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдеріндегі экологиялық есептілік пен мониторингтің сапасы мен келісімділігін арттыру. Осылайша, жоба ақпараттық жүйелер мен басқару жүйелері бойынша жалпыға ортақ еуропалық практиканы Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдеріндегі мониторинг пен есептілік практикасына енгізуге ықпал ететін болады.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, жоба халықаралық ұйымдармен бірлесіп қатысу туралы келісімдер арқылы іске асырылады деп күтілуде.

(6) Еуропа үшін экология процесіне қолдау көрсету: Бұл жобаның мақсаты реформалау саясатын жақсарту және атап айтқанда Киев конференциясының шешімдерін іске асыру арқылы Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдері үшін экологиялық саясатты іске асыру болып табылады. Бұл жоба Экология бойынша іс-қимыл бағдарламасы жөніндегі жұмыс тобымен және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, іске асыру құралдары ретінде халықаралық ұйымдардың жұмысына тікелей қатысу болжалып отыр.

4.2. Сауданы және инвестицияларды дамыту

Сауданы және инвестицияларды дамытуға қатысудың мақсаты сауда мен инвестицияны дамыту мен кеңейту, сенімділік пен қауіпсіздікті арттыру, сондай-ақ қолданыстағы энергетикалық және көліктік желілердің денсаулық пен қоршаған ортаға әсерін азайтуға, сондай-ақ, осы секторлар бойынша статистикалық ақпаратты жақсартуға қолданыстағы энергетика және көлік саласында ТМД елдері арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету болып табылады. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін осы Іс-қимылдар бағдарламасы негізінен ТРАСЕКА мен ИНОГЕЙТ бастамаларына назар аударады. Индикативтік бағдарламада басым болып табылатын ақпараттық қоғам мәселелері келесі Іс-қимыл бағдарламасында одан әрі дамытылады. Бөлу болжанып отырған қаражатты (10 миллион Евро), үш жылға бөлгеннен гөрі, кейінгі екі жыл ішінде барынша шоғырландыра жұмсаса тиімдірек пайдаланылуы мүмкін.

Көлік секторында көлік түрлері тұрғысынан да, сондай-ақ жобалардың өңірлік

бөлінуі тұрғысынан да теңгерімді тәсілді пайдалану ұсынылады. Көлік жобаларының басымдықтары көлік министрлерінің кездесуі негізінде айқындалатынын атап өтудің маңызы зор, ал Индикативті бағдарлама шеңберіндегі басымдықтар әріптес елдердің өкіметтерімен консультациялар негізінде айқындалған. Осылайша, ТАСИС автомобиль және темір жолдарға қатысты жобаларға баса көңіл бөледі. Осы Индикативтік бағдарламада, сондай-ақ, авиациялық қауіпсіздік және теңіз көлігі бағыттары саласында жұмыстар жүргізілетін болады. Қосымша, ТАСИС өздерінің кейінгі инвестициялары бағыттарды дамыту үшін маңызды рөл атқаратын халықаралық қаржылық мекемелермен консультациялар негізінде айқындалған ТРАСЕКА-ның негізгі жол учаскелеріне қолдау көрсетеді. Бір учаске Орталық Азияда орналасқан және Ақтау портын біріктіреді, ал Әзірбайжандағы басқа учаске Грузиямен шекараға таяу орналасқан.

Көлік (ТРАСЕКА)

(7) Оңтүстік Шеңбер елдерінің авиациялық диспетчерлік қызметінің жұмыс істеп жүрген персоналын оқыту: Жобаның мақсаты ТМД елдеріндегі авиациялық қауіпсіздікті арттыру болып табылады. Бұл бастама әріптес елдер тарапынан едәуір қолдау тапты. Авиадиспетчерлерді оқытуға басты назар аударылатын болады.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, жоба қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарт арқылы іске асырылады деп күтілуде. Ол сондай-ақ беруге арналған келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтың құрамдауышы да қамтуы мүмкін.

(8) ТРАСЕКА және TEN дәліздері арасындағы теңіз қатынастарын жақсарту: Тасис техника-экономикалық негіздеме жүргізуде қолдау көрсетеді: Қара теңіз порттары мен TEN дәліздері арасындағы теңіз қатынастарының жұмыс істеуін қалайша жақсартуға болады. Тасис, сондай-ақ порттар мен теңіз жолдарын жаңғыртуға қатысты инвестицияларды дайындауға жәрдемдеседі.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, жоба қызметтер көрсетуге арналған келісім-шарт арқылы іске асырылады деп күтілуде. Ол сондай-ақ беруге арналған келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтың құрамдауышын да қамтуы мүмкін.

(9) ТРАСЕКА бағдарламасы бойынша Орталық Азиядағы жолдарды қайта жаңарту: Бұл жоба Тасистің өңірлік ынтымақтастық стратегиясы жөніндегі құжатқа және 2004-2006 жылдардың Индикативтік бағдарламасына сай келеді. Жобаның негізгі мақсаты белгілі бір жол учаскесін салу/жаңарту үшін техника-экономикалық негіздемені және тендерлік құжаттарды дайындау болып табылады.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, жоба қызмет көрсетулерге арналған келісім-шарт арқылы іске асырылады деп күтіледі. Ол сондай-ақ беруге арналған келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтың құрамдауышын да қамтуы мүмкін.

(10) Әзірбайжан арқылы өтетін ТРАСЕКА дәлізіндегі жылдам автомобиль жолы учаскесін қайта жаңарту: ЕДҚД және Дүниежүзілік Банк Грузия мен Әзірбайжан арқылы өтетін ТРАСЕКА бағытына қомақты инвестиция салды. Тасис ЕДҚБ және

Дүниежүзілік Банк қаржыландыратын жолдардың жаңғыртылуын бақылайтын Жобаны іске асыру жөніндегі бөлімшені қаржыландыратын болады.

Сатып алуға қатысты айтар болсақ, жоба қызмет көрсетулерге арналған келісім-шарт арқылы іске асырылады деп күтіледі. Сондай-ақ жіберуге арналған келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтың құрамдауышын да қамтуы мүмкін.

Энергетика (ИНОГЕЙТ)

(11) ИНОГЕЙТ елдерінде мұнай және газ жобаларына инвестицияларды көтермелеу үшін бірлескен ИНОГЕЙТ техникалық жәрдем қоры: 2003 жылы жүргізілген ИНОГЕЙТ бағдарламасына талдау жасаудың негізінде инвестициялар тарту үшін неғұрлым стратегиялық тәсілді қолдануға ұсынымдар берілді. Бұл жоба халықаралық қаржы мекемелерінің Шығыс Еуропадағы, Кавказдағы және Орталық Азиядағы көлік инфрақұрылымы жөніндегі өңірлік жобаларға инвестицияларын ынталандыруға бағытталған. Бастапқы кезде, ЕДҚБ жобаларды айқындау мен әзірлеуде ИНОГЕЙТ-тің негізгі әріптесі болады.

Сатып алуға тоқталатын болсақ, жоба қызмет көрсетулерге арналған келісім-шарт арқылы іске асырылады деп күтіледі. Оған сондай-ақ жеткізуге арналған келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтың құрамдауышы да қосылуы мүмкін.

(12) Тасистің өңірлік хатшылықтары: Тасистің өңірлік хатшылықтарына қолдау көрсету 2003 жылғы қазанда өткізілген Басымдықтарды бағалауға және зерттеуге сай келеді және төрт саладағы жақсартуға бағытталған. Бұл жобада Киев жедел хатшылығы нығайтылады және мұнай мен газ тасымалдау жөніндегі өңірлік бағдарламаларға инвестицияларды ынталандыру үшін Кавказда және Орталық Азияда екі жаңа өңірлік кіші хатшылықтар құрылады.

Сатып алуға тоқталатын болсақ, жобаның қызмет көрсетулерге арналған келісім-шарт арқылы іске асырылады деп күтіледі. Оған сондай-ақ жеткізуге арналған келісім-шарт бойынша сатып алынатын жабдықтың құрамдауышы қосылуы мүмкін.

4.3. Төрелік сот және құқық тәртібі

Төрелік сот және құқық тәртібі бағдарламасының мақсаты ТМД-дағы шекара бақылауының интеграцияланған, ТМД және ЕО аумақтарында заңсыз көші-қонды, контрабанданы және адам саудасын азайтуға бағытталған жүйесін құру болып табылады. Ол сондай-ақ Украина, Молдова, Беларусь пен жаңа қатысушы елдер арасындағы кеңейтілген ЕО шекаралары бойындағы шекаралық ынтымақтастықты күшейтуге бағытталған. Осы бағдарламаны ЕО-дан басқа ұйымдасқан қылмысқа және терроризмге қарсы дүниежүзілік күрес жөніндей күш-жігерді қолдау үшін халықаралық конвенциялар мен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарлары қолдап отыр. Үшінші елдермен көші-қон, баспана беру саласындағы ынтымақтастық екінші б а с ы м д ы қ б о л ы п т а б ы л а д ы .

Индикативті бағдарлама негізгі үш саланы қамтиды: шекара бақылауын нығайту; баспана беру және көші-қон; ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес. Ресурстар осы үш

сектор арасында тең бөлінеді. Шекара бақылауы, баспана беру және көші-қон тұрғысынан, ең алдымен, ТМД-ның батысындағы елдерге басты көңіл бөлінетін болады, бұл көршілес елдермен қатынастарда Еуропалық саясатта осы өңірге бөлінетін негізі маңыздылықты көрсетеді. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресте үш бастама қолға алынады. Екі жоба есірткінің заңсыз айналымын қамтитын болады; бұл Орталық Азия бойынша Іс-қимылдар бағдарламасы арқылы қамтылатын болады; осылайша, осы бағдарлама географиялық жағынан ТМД-ның батысындағы және Оңтүстік Кавказдағы елдерді қамтитын болады. Бұған қосымша, Тасис қазірдің өзінде ТМД-ның батысындағы елдерде адам саудасына қарсы күрес үшін жүргізіліп жатқан табысты жұмысқа сүйенетін болады, сондай-ақ Тасис осы саладағы өз қызметін Оңтүстік Кавказда да дамытатын болады.

(13) Шекара бақылауын нығайту: Бұл жоба шекара бақылауының жалпы ұлттық жүйелерін, сондай-ақ шекаралық ынтымақтастықты жақсарту үшін бенефициар-үкіметтерге жәрдемдесетін болады. Бұл олардың арасындағы және олардың көршілері арасындағы ақпарат алмасуды жақсартады. Бұл жоба екі құрамдауыштан тұрады: біріншісі, молдова өкіметімен шекара бақылауы мәселелері бойынша жұмыс жүргізу; екіншісі, өңірлік ынтымақтастықты күшейту және көршілермен байланыс желісін құру.

Сатып алуға тоқталатын болсақ, жоба халықаралық ұйымдармен бірлесіп қатысу туралы келісімдер арқылы, өтінімдер беруге шақыру арқылы немесе ЕО-ға мүше елдермен ынтымақтастық арқылы іске асырылады деп күтілуде.

(14) ТМД-дағы баспана беруді және көші-қонды бақылау: Тасис ТМД елдерінің үкіметтеріне баспана беру мен көші-қон процестерінің барлық сатыларында тиімді бақылау жөніндегі жұмыста ұлттық және өңірлік деңгейлерде қолдау көрсетеді. Бұдан басқа, ол жөнелтуден қайтаруға дейінгі сатыларды қамтитын болады. Ол үш құрамдауыштан тұрады: жалпы, 1996 жылғы ТМД елдері конференциясының баспана беру және көші-қон бойынша шешімдерін орындау; екіншісі, ТМД-ның батысындағы елдерге басты көңіл бөлінетін болады; үшіншісі, Орталық Азияға бағытталатын болады.

Сатып алуға тоқталатын болсақ, жоба бірлесіп қатысу туралы халықаралық ұйымдармен келісімдер арқылы, өтінімдер беруге шақыру арқылы немесе ЕО-ға мүше елдермен ынтымақтастық арқылы іске асырылады деп күтіледі.

(15) Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі бағдарлама: Беларусь, Украина және Молдова, 3-саты: Бұл есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте ТМД-ның батысындағы елдерді қолдаудың үшінші сатысы. Осы сатыда қатерлі топтар арасындағы профилактикалық жұмысқа және темір жол арқылы есірткінің контрабандасына қарсы күреске басты көңіл бөлінетін болады. Жердегі және теңіздегі нақты шекара бақылауы пункттеріне қосымша қолдау көрсетіледі.

Сатып алуға тоқталатын болсақ, іске асыру құралдары ретінде халықаралық ұйымдардың жұмысына тікелей қатысу көзделіп отыр.

(16) Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі бағдарлама: Оңтүстік Кавказ, 5-саты: Бұл Тасистің есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте Оңтүстік Кавказ елдерінің үкіметтерін қолдаудың бесінші сатысы, ол өңірдегі ұйымдасқан және трансшекаралық қылмысқа қарсы мейлінше кеңінен күрес жүргізу тұрғысынан іске асырылады. БУМАД-қа тоқталатын болсақ, осы сатыда қатерлі топтар арасындағы профилактикалық жұмысқа және темір жол арқылы есірткіні контрабандалауға қарсы күреске басты көңіл бөлінетін болады. Жердегі және теңіздегі нақты шекара бақылауы пункттеріне қосымша қолдау көрсетілетін болады.

Сатып алуға тоқталатын болсақ, жобаның бірлесіп қатысу туралы келісімдер арқылы іске асырылады деп күтілуде.

(17) Оңтүстік Кавказдағы адам саудасына бағытталған ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес: Бұл адам саудасына қарсы күресте Оңтүстік Кавказға көмек көрсету жөнінде Тасис қаржыландыратын бірінші жоба. Ол Тасистің осы саладағы жұмыс нәтижесінде, атап айтқанда, ТМД-ның батысындағы елдердегі, алынған тәжірибеге негізделетін болады. Ол басты үш құрамдауыштан тұрады: хабардар етуді қоса алғанда, профилактикалық жұмыс; сот және құқық қорғау органдарының әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар; зардап шеккен адамдарды оңалту және қалыпты өмірге қайта бейімдеу жөніндегі жұмыс. Жоба өңір ішінде және ЕО-да заңсыз графиктен зардап шеккен адамдар санын азайтуға бағытталатын болады, сондай-ақ зардап шеккен адамдарға халықаралық ынтымақтастықты нығайту арқылы көмек көрсетеді, қорғайды және оңалтуды жүргізеді.

Сатып алуға тоқталатын болсақ, жоба халықаралық ұйымдармен бірлесіп қатысу туралы келісімдер арқылы, өтінімдер беруге шақыру арқылы немесе ЕО-ға мүше елдермен ынтымақтастық арқылы іске асырылады деп күтіледі.

5. ЕК-ке осы Іс-қимыл бағдарламасына кірмейтін қосымша көмек

Тасис 2004 Өңірлік іс-қимыл бағдарламасында ұсынылған қызмет салалары Тасистің тиісті Ұлттық іс-қимылдар бағдарламалары арқылы қаржыландырылатын салалар сияқты ЕК қаржыландыратын басқа да қосымша қызметтің салаларымен тығыз үйлестірілетін болады.

Олар географиялық жағынан таяу орналасуына байланысты туындайтын ортақ шекаралас аудандарды экономикалық тұрғыдан дамыту, қоршаған орта және жұқпалы аурулар, заңсыз көші-қон, контрабанда және адамдар арасындағы байланыстар сияқты проблемаларды шешуге бағытталған Тасистің Трансшекаралық ынтымақтастық бағдарламасын толықтыратын болады.

Олар, сондай-ақ Орталық Азия бойынша Іс-қимыл бағдарламасын толықтыратын болады, бұл да Орталық Азия елдерінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге

және оларға тұрақты экономикалық даму мен кедейлікті төмендетуде көмек көрсетуге
б а ғ ы т т а л а д ы .

Негіздемелік іс-қимыл бағдарламасы, INTAS және ISTC/STCU бойынша қызмет салалары арқылы орнықты дамудың нақ сол салаларында (басқаларымен қоса экологиялық мәселелерді және т.б. қоса алғанда) ЕК мен ТМД арасындағы ғылыми және технологиялық ынтымақтастыққа да тиісті көңіл бөлінетін болады.

6. Басқа донорлармен үйлестіру

Жалпы бағдарлама шеңберінде Тасистің барлық Өңірлік ынтымақтастық жобалары басқа донорлармен, атап айтқанда, кейіннен ауқымды инвестициялар күтілетін халықаралық қаржы институттарымен тығыз үйлестіріле отырып әзірленетін болады. Төменде бірқатар мысалдар келтірілген:

Сауданы және инвестицияларды дамыту

2004-2006 жылдарға арналған Индикативтік бағдарламаға сәйкес ТРАСЕКА мен ИНОГЕЙТ ірі инвестициялық жобалар бойынша халықаралық қаржы институттарымен , ең бастысы, ЕДҚБ-мен және Дүниежүзілік Банкпен тығыз жұмыс істейтін болады.

Табиғи ресурстарды орнықты басқару

ЕО-ға мүше елдер, халықаралық ұйымдар, атап айтқанда, ЮНЕП және Жаһандық қоршаған ортаны қорғау қоры (GEF), халықаралық қаржы институттары, атап айтқанда , Дүниежүзілік Банкі арасында табиғи ресурстарды тұрақты басқару мәселелері бойынша тығыз әрі тұрақты үйлестіру жүзеге асырылады.

Төрелік сот және құқық тәртібі

Әділ сот және құқықтық тәртіп саласында, Комиссия әсіресе, қауіпсіздік және контрабандаға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша АҚШ-тың мемлекеттік органдарымен (ЮСАИД, INL және PRM) өзара тығыз іс-қимылды қамтамасыз етуге тырысады. Бұдан басқа, БҰҰ жоғарғы комиссарының Босқындар ісі жөніндегі басқармасы, БҰҰ-ның Даму Бағдарламасы, Халықаралық көші-қон жөніндегі ұйым және Халықаралық еңбек ұйымы әділ сот және құқықтық тәртіп саласындағы маңызды әріптестер болып табылады.

Күш-жігерді тығыз үйлестіру бағдарламаның және жобалау циклының барлық сатыларында бағдарламаларды жасаудан бағалауға дейін, бүкіл іске асыру кезеңінде жобаны әзірлеуден жабуға дейін қамтамасыз етіледі. Осы үйлестіру процесі ресми де (үйлестіру жөніндегі кездесулер және қысқаша хабардар ету), ресми емес те тұрақты байланыстарды қолдау негізінде ұдайы жүзеге асырылатын болады.

7. Бағдарламаны орындау

7.1. Қаржылық келісімге қол қоюдың уақыттық шектері

Қаржылық келісімге, тым кешіктіргенде, тиісті жаһандық қаржылық міндеттеме қабылданған жылдан кейінгі жылдың 31 желтоқсанында қол қойылуға тиіс. Егер бұған қол жеткізілмесе, осы үшін бөлінген қорлар жойылатын болады.

7.2. Орындау кезеңдері

(a) Қаржылық келісімді іске асыру кезеңі Қаржылық келісімнің күшіне енуімен басталады және 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады.

(b) Бұл орындау кезеңі жекелеген екі сатыға бөлінеді:

(i) Негізгі қызмет салаларын операциялық іске асыру. Бұл кезең Қаржылық келісімнің күшіне енуімен басталып, 2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады.

(ii) Аяқтау сатысы, бұл уақытта қаржылық келісімді іске асыруға арналған келісім-шарттарды техникалық және қаржылық тұрғыдан аяқтаумен қатар ақтық аудиттер мен бағалау жүргізілетін болады. Бұл кезең операциялық іске асыру сатысы аяқталған күннен басталып, орындау кезеңінің соңында аяқталады.

(c) Негізгі қызметпен байланысты шығыстар операциялық іске асыру сатысында жұмсалған болса, оларды Қоғамдастық қаржыландыруға тиіс. Ақтық аудиттермен, бағалаумен және қызметті аяқтаумен байланысты шығыстар аяқтау сатысының соңына дейін қаржыландырылуға тиіс.

(d) Қоғамдастық салымы қаражатының кез келген қалдығы орындау кезеңі аяқталған соң алты айдан кейін автоматты түрде жойылатын болады.

7.3. Келісім-шарттар жасасу және субсидиялар беру рәсімдері

Қаржылық келісімді іске асыруға арналған барлық келісім-шарттар стандартты рәсімдерді және Сыртқы операцияларды іске асыру жөніндегі комиссияның рәсімдер басталған кезеңде жарамды болатын құжаттарын пайдалана отырып жасалуға тиіс.

7.4. Келісімді іске асыруға арналған келісім-шарттар

(a) Қаржылық келісімді іске асыруға бағытталған келісім-шарттарға екі тарап Комиссия қаржылық міндеттеме қабылдаған кезден бастап үш жыл ішінде қол қоюға тиіс. Бұл соңғы мерзім болып табылады және ұзартылмайды. Осы аталған мерзімге дейін келісім-шарттар жасалмаған кез келген қорлар жойылатын болады.

(b) Қол қойылғаннан кейін үш жыл ішінде сол бойынша қандай да бір төлем жасалмаған кез келген келісім-шарт автоматты түрде тоқтатылады, ал оның қорлары жойылатын болады.

7.5. Мониторинг, бағалаулар мен аудиттер

Іске асыру кезінде тиісті жоспарлау мен ұдайы мониторинг жүргізу ұдайы есептер нысанында жүргізілетін болады. Сондай-ақ іске асыру кезінде және бағдарламаның

соңында бағалау, сондай-ақ бағдарламаның аудиті жүргізілетін болады.

Кейіннен қол қойылуы ықтимал аудит және бағалау келісім-шарттарына 7.4.(а) тармағының қатысы жоқ.

8.Құны және қаржыландыру

Бағдарлама Қоғамдастық гранты бойынша әртүрлі қызмет салалары бойынша мынадай тәртіппен бөлінген 45 миллион евро мөлшерінде қаржыландырылатын болады :

Тақырыптық салалар	Евро(миллион)
Табиғи ресурстарды тұрақты басқару	15,00
1. Еуразия даласындағы жерлерді тұрақты әрі кешенді басқару 2. Кавказ бойынша тау конвенциясын қолдау 3. Каспий теңізінің және оның жағалау сызығының қоршаған ортасы 4. Қара теңіздің экологиялық мәселелері бойынша ынтымақтастық 5. Деректер жинау жөніндегі Еуропалық Экологиялық Агенттік 6. Еуропа үшін экология процесіне қолдау көрсету	
Сауданы және инвестицияларды дамыту	15,00
7. Авиациялық диспетчерлік қызметтің жұмыс істеуші персоналын оқыту 8. Теңіз қатынасын жақсарту 9. ТРАСЕКА бағдарламасы бойынша Орталық Азиядағы жолдарды қайта жаңарту 10. Әзірбайжандағы жүрдек автомобиль жолдарын қайта жаңарту 11. Инвестицияларды ынталандыру үшін ИНОГЕЙТ қоры 12. Тасистің Өңірлік хатшылықтары	
Әділ сот және құқықтық тәртіп	15,00
13. Шекара бақылауы 14. Баспана беру және көші-қон 15. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі бағдарлама: Беларусь, Украина және Молдова 16. Оңтүстік Кавказдағы есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі бағдарлама 17. Адам саудасына бағытталған Оңтүстік Кавказдағы ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес	
Жалпы сомасы	45,00

2004 жылға арналған Өңірлік іс-қимыл жоспары

Бағдарлама **Сомасы** **Елдер Қазақстан,** **Е млн.**
Табиғи ресурстарды
тұрақты басқару

1. Еуразия далаларының жерлерін үздіксіз интеграциялы пайдалану	8	Қазақстан, Молдова, Ресей және Украина	2.0
2. Кавказ тауы жөніндегі конвенция	0.5	Армения, Әзірбайжан, Грузия, Ресей Федерациясы	0.0
3. Каспий теңізі мен оның жағалау сызығының экологиясы шаралар	2.5	Әзірбайжан, Қазақстан, Ресей, Түркменстан жөніндегі	0.625
4. Қара теңіздің экологиясы саласындағы ынтымақтастық Грузия	2.5	Молдова, Украина, Ресей,	0.0
5. Еуропалық агенттіктің қоршаған ортаны қорғау жөнінде дерек жинауы	1	Шығыс Еуропа мен Орта Азияның барлық елдері	0.83333
6. "Еуропадағы Экология" процесіне қолдау көрсету	0.5	ЭЫДҰ / Қоршаған ортаны қорғау министрліктері, Шығыс Еуропа мен Орта Азия елдері	0.41667
Сауданы және инвестицияларды (жүйелі) дамыту			
7. Әуе көлігі қызметкерлерін оқыту	2.5	Армения, Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан	0.277778
8. Теңіз бойынша коммуникацияны жақсарту	2.5	Болгария, Грузия, Румыния, Түркия, Украина	0.0
9. ТРАСЕКА шеңберінде Орталық Азиядағы қалпына келтіру	2	Қазақстан, Өзбекстан жолдарды	1.0
10. Әзірбайжандағы жолдарды қалпына келтіру	2	Әзірбайжан	0
11. ИНОГЕЙТТІҢ инвестициялар деңгейін ұлғайту жөніндегі	3	Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия,	0.3

техникалық көмегі шеңберін-
дегі қаражат

Қазақстан, Қырғызстан,
Молдова, Украина, Өзбекстан

және Түркменстан

12. ИНОГЕЙТТИҢ өңірлік
хатшылықтары

3

Армения, Әзірбайжан,

0.3

Беларусь, Грузия,

Қазақстан, Қырғызстан,

Молдова, Украина, Өзбекстан

және Түркменстан

**Әділ
тәртіп**

с о т

ж ә н е

қ ұ қ ы қ т ы қ

13. Шекараны басқару 5 Молдова, Украина, Беларусь 0.0

14. Баспана және көші-қон 5 ТМД барлық елдері, 0.83333
негізінен Беларусь,
Молдова, Қазақстан,
Қырғызстан, Тәжікстан

және Өзбекстан

15. Беларусьте, Украинада 1.5 Беларусь, Украина және 0.0
және Молдовада есірткінің Молдова
з а ң с ы з а й н а л ы м ы н а қ а р с ы

күрес жөніндегі бағдарлама

16. Оңтүстік Кавказда 2 Оңтүстік Кавказ: Армения, 0.0
есірткінің заңсыз Әзірбайжан және Грузия
а й н а л ы м ы н а қ а р с ы к ү р е с

жөніндегі бағдарлама

17. Оңтүстік Кавказдағы 1.5 Оңтүстік Кавказ: Армения, 0.0
адам саудасына бағытталған Әзірбайжан және Грузия
ұ й ы м д а с қ а н қ ы л м ы с қ а қ а р с ы

күрес

Жинағы: 45 4.627778

9. Мемлекеттік міндеттемелер - Шарттар

Көмек жәрдемдесудің бүкіл мерзімінде ынтымақтастықты жалғастыруға негізделетін міндетті элементтер болғанда жүзеге асырылады, атап айтқанда, бұл демократия қағидаттарына және адам құқықтарын сақтауға, сондай-ақ Әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімде белгіленген бенефициар-елдердің міндеттемелеріне қатысты.

Глоссарий

БОМКА (BOMCA- Border Management Central Asia Programme)

Орта Азияда шекараны басқару бағдарламасы

КАДАП (CADAP- Central-Asia Drug Action Programme)
Орта Азияда есірткемен күресі бағдарламасы
ИНОГЕЙТ (INOGATE- Inter-State Oil&Gas Transport to Europe)
Еуропаға мұнай мен газды халықаралық тасымалдауы
ТРАСЕКА (TRACECA -Transport Corridor Europe-Caucasus-Asia)
Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі
TEN (Tempus Energy Networking)
"Темпус" энергетикалық жүйесі
БУМАД (BUMAD - Belarus, Ukraine and Moldova against Drugs)
Беларусь, Украина және Молдова есірткеге қарсы
СКАД (SCAD - Southern Caucasus anti Drag Programme)
Оңтүстік Кавказ есірткеге қарсы
МОМ (ИОМ - International Organisation Migration)
Көшіп-қону халықаралық ұйымы
ISTC (International Scientific-Technical Center)
Халықаралық ғылыми-техникалық орталық
INTAS (International Association for the Promotion of Cooperation with Scientists from the New Independent States of the Former Soviet Union)
Бұрынғы Кеңес одағының жаңа тәуелсіз елдерінің ғалымдарымен ынтымақтастықты дамыту халықаралық ассоциациясы
БҰҰДБ (UNDP - United Nations Development Programme)
Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы

ЕҚДБ
Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі
ЮНЕП (UNEP - United Nations Environment Programme)
Қоршаған орта бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы бағдарламасы
PRM
Population, Refugees, and Migration Bureau (US)
Халық, қашқындар мен миграция бюросы (ҚШ)
TEN-T (The Trans-European Transport Networks)
Транс-еуропалық көлік жүйесі